

Семинар

Мектебіміздің мұғалімдері қалалық және республикалық деңгейдегі семинарларға белсенді қатысып, заманауи білім беру әдістерін меңгеріп, тәжірибеде тиімді қолдануда.



Мектебіміздің қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі **Әділбек Абай Баймурзаұлы** Түркия Республикасының Анталия қаласында өткен халықаралық тәжірибе алмасу семинарына қатысып қайтты. Семинардың негізгі тақырыбы: «Буллингке қарсы күрестегі кросс-мәдени тәсілдер және білім берудегі инклюзия». Іс-шара барысында Қазақстан мен Түркия елдерінің педагогтері білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелер бойынша ғылыми-әдістемелік тәжірибе алмасты. Атап айтқанда, буллингтің алдын алу стратегиялары, инклюзивті білім беруді дамыту тетіктері және оқыту үдерісінде кросс-мәдени құзыреттілікті қалыптастыру мәселелері қарастырылды. Жиналған тәжірибе екі ел арасындағы білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және педагогикалық практиканы жетілдіруге ықпал етті.






Мектебіміздің екі педагогі тәжірибе алмасу мақсатында Түркия Республикасының Стамбул қаласында өткен «Білім беру менеджменті» курсына қатысып қайтты. Аталған курсқа информатика пәнінің мұғалімі Левус Елена Сергеевна және педагог-психолог Габдуллина Камила Мырзагалиевна қатысты. Курс барысында білім беру ұйымдарын басқару жүйесін жетілдіру, педагогикалық менеджменттің заманауи тәсілдері, сондай-ақ білім беру үдерісінде психологиялық қолдау көрсетудің тиімді модельдері қарастырылды. Қатысушылар халықаралық тәжірибемен танысып, алған білімдерін оқу-тәрбие үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік дағдыларын жетілдірді.

Астана қаласындағы Оқушылар сарайында 2025 жылғы 27 қарашада «Білім берудегі серпіліс: цифрлық технологиялар, құндылықтар және зерттеу тәжірибелері» тақырыбында халықаралық конференция өтті. Аталған іс-шараға мектебіміздің география пәні мұғалімі **Баймұрат Гүлжангүл** және химия пәні мұғалімі **Түктібаева Нұрсұлу Қорғанбайқызы** қатысты. Конференция барысында педагогтер білім беру үдерісіне цифрлық технологияларды енгізу, құндылыққа бағдарланған оқыту және ғылыми-зерттеу дағдыларын дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасып, өзекті тақырыптарды талқылады.



Астана қаласы, «Кәрім Мыңбаев атындағы №59 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК. **Тұрдаш Айтолқын Жетпісбекқызы** (биология және химия пәні мұғалімі) және **Улжаева Гүлбахор Бахромовна** (биология пәні мұғалімі) «Кәрім Мыңбаев және XX ғасырдағы ғылымның дамуы» тақырыбында ғылыми-әдістемелік баяндама ұсынды. Баяндамада көрнекті ғалым Кәрім Мыңбаевтың Қазақстан ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ XX ғасырдағы биология ғылымының эволюциясы мен аграрлық-биологиялық зерттеулердің дамуы қарастырылды. Сонымен қатар, педагогтер ғылыми мұраны оқу үдерісінде қолданудың тиімді жолдарын талдап, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістемелік ұсыныстар берді.





Физика пәні мұғалімі Асет Ахжархын және информатика пәні мұғалімі Налибаева Айнұр Қыдырбайқызы №62 мектеп-лицейінде өз тәжірибелерімен бөлісті. Тақырыбы: «Сабақта AI-ассистенттерді пайдалану: NotebookLM және Qwen AI жасанды интеллект құралдарының практикалық қолданылуы». Семинар барысында педагогтер заманауи цифрлық технологияларды оқу үдерісіне енгізудің тиімді жолдарын қарастырып, жасанды интеллект құралдарын сабақта қолданудың нақты мысалдарын ұсынды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруге мүмкіндік алды.

*2026 жылғы ақпан айында орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдеріне арналған «Лучшие педагогические идеи» атты конкурс өтті. Аталған байқауға орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері **Анисимова И.В. және Шерьязданова А.К.** қатысты. Ұсынылған жоба тақырыбы: «Лингвистическое бюро: Спасатели грамотности». Жоба аясында оқушылардың сауаттылығын арттыруға бағытталған инновациялық әдістер, тілдік нормаларды меңгерудің тиімді тәсілдері және ойын технологиялары арқылы тілдік құзыреттілікті дамыту жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, педагогтер заманауи білім беру талаптарына сай тілдік сауаттылықты қалыптастырудың практикалық модельдерін ұсынды.*

